## Өңірлік саясат жөніндегі жобалық офис құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 171-ө Өкімі

Қазақстан Республикасының өңірлік саясатын жетілдіру мақсатында:

1. Осы өкімге қосымшаға сәйкес құрамда Өңірлік саясат жөніндегі жобалық офис ( бұдан әрі – Жобалық офис) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Жобалық офис туралы ереже бекітілсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына жүктелсін.

*Премьер-Министр* *О. Бектенов*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2024 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 171-ө өкімімен
бекітілген

## Өңірлік саясат жөніндегі жобалық офис туралы ереже

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Өңірлік саясат жөніндегі жобалық офис (бұдан әрі – Жобалық офис) туралы ереже Жобалық офистің мақсаттары мен міндеттерін, функционалдық қызметі мен қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Жобалық офис өңірлік саясатты жетілдіру мақсатында құрылады.

3. Жобалық офис өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Жобалық офистің жұмыс органы болып табылады.

5. Жобалық офистің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ айына 1 реттен сиретпей өткізіледі.

### 2-тарау. Жобалық офистің міндеттері

6. Қойылған мақсаттар шеңберінде Жобалық офиске мынадай міндеттер жүктеледі:

1) өңірлік дамуға бағытталған бағдарламалық құжаттардың орындалу барысын жүйелі үйлестіру және өңірлік саясат мәселелері бойынша жаңа тәсілдерді тұжырымдау;

2) жергілікті өзін-өзі басқаруды және "Ауыл аманаты" жобасын одан әрі дамыту жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау;

3) елді мекендерді абаттандыру және "Таза Қазақстан" экологиялық акциясын іске асыру мәселелері бойынша ұсыныстар мен шаралар тұжырымдау.

7. Қайтылған міндеттерді шешу үшін Жобалық офис:

1) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың өңірлерді дамытуға бағытталған бағдарламалық құжаттарды іске асыру жөніндегі жұмысын үйлестіреді;

2) мемлекеттік өңірлік саясатты жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;

3) жергілікті өзге де басқаруды дамыту саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсынымдар тұжырымдайды;

4) "Ауыл аманаты" жобасы бойынша жаңа тәсілдерді тұжырымдайды (мемлекеттік қолдау шараларын үндестіру және оларды үйлестіру, халықты оқыту, өнімді өткізу бойынша);

5) өңірлік саясатқа байланысты өзге де мәселелерді шешуді қамтамасыз етеді;

6) қоғамдық кеңістіктердің сапасын жақсарту, "жасыл" инфрақұрылымды дамыту, экологиялық және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстар мен шараларды әзірлейді.

## 3-тарау. Жобалық офистің қызметін ұйымдастыру, оның құрылымы және қызметінің тәртібі

8. Жобалық офистің төрағасы:

1) жұмысты ұйымдастырады және Жобалық офиске жүктелген міндеттер мен функциялардың уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді;

2) қажеттілігіне қарай Жобалық офистің жұмысына мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, квазимемлекеттік сектор және бизнес субъектілерінің өкілдерін, сондай-ақ халықаралық консультанттарды тартады;

3) Жобалық офистің отырыстарында мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға, квазимемлекеттік сектор және бизнес субъектілеріне (келісу бойынша) тапсырмалар береді, сондай-ақ оларды тыңдауды өткізеді.

9. Жобалық офис төрағасының орынбасары өңірлік саясат жөніндегі жұмыс топтарының қызметін үйлестіреді және бақылайды, жұмыс топтарына жәрдемдеседі, жұмысты ұйымдастырады және Жобалық офиске жүктелген міндеттер мен функциялардың уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді, Жобалық офис төрағасының тапсырмаларын орындайды.

10. Жобалық офис мынадай:

1) өңірлік саясат мәселелері бойынша;

2) жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту және "Ауыл аманаты" жобасы бойынша;

3) елді мекендерді абаттандыру және "Таза Қазақстан" экологиялық акциясын өткізу бойынша үш кіші топтан тұрады.

11. Жобалық офисінің тапсырмаларын мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, квазимемлекеттік сектор және бизнес субъектілері (келісу бойынша) орындауға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2024 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 171-ө өкіміне
қосымша

## Өңірлік саясат жөніндегі жобалық офистің құрамы

| | | |
|---|---|---|
| Бозымбаев Қанат Алдабергенұлы | – | Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға |
| Омарбеков Бауыржан Бақытұлы | – | Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі, төрағаның орынбасары |
| Мақсұтов Нұрлан Мақсұтұлы | – | Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Өңірлік даму департаментінің директоры, хатшы |
| Жакенов Берік Оралұлы | – | Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының Өңірлік даму және бақылау бөлімінің меңгерушісі |
| Сабильянов Нұртай Салихұлы | – | Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісу бойынша) |
| Нажметдинұлы Болатбек | – | Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісу бойынша) |
| Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлы | – | Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісу бойынша) |
| Ходжаназаров Айдарбек Асанұлы | – | Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісу бойынша) |
| Жолманов Азамат Сағатұлы | – | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары (келісу бойынша) |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Төлеуов<br>Олжас Аязбиұлы | – | Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының орынбасары (келісу бойынша) |
| Сарбасов<br>Ақмәди Әділұлы | – | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі |
| Сұлтанғазиев<br>Тимур Сламжанұлы | – | Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі |
| Ешенқұлов<br>Талғат Ілиясұлы | – | Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министрі |
| Еркінбаев<br>Ержан Мәлікұлы | – | Қазақстан Республикасының Туризм және спорт вице-министрі |
| Есімханов<br>Сұңғат Қуатұлы | – | Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі |
| Ибрайханов<br>Ерболат Мақсұтханұлы | – | Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация вице-министрі |
| Қалиақпаров<br>Мақсат Қайыржанұлы | – | Қазақстан Республикасының Көлік вице-министрі |
| Қажкенов<br>Қуандық Жұмабекұлы | – | Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі |
| Құрманова<br>Айзада Амангелдіқызы | – | Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі |
| Құрмалаев<br>Нұрлан Сайынұлы | – | Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министрі |
| Лепеха<br>Игорь Владимирович | – | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары |
| Мун<br>Дмитрий Андреевич | – | Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Оспан<br>Еділ Сабырұлы | – | Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министрі |
| Сұлтанов<br>Азат Сиражиддинұлы | – | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі |
| Төленбергенов<br>Серік Төлеуғалиұлы | – | Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі |
| Тұрлыбаев<br>Мақсат Қайратұлы | – | Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының басшысы ( келісу бойынша) |
| Шаймұратова<br>Динара Шәуәлитқызы | – | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Өнеркәсіп, көлік және коммуникациялар бюджеті департаментінің директоры |
| Андаков<br>Мухамед Задинович | – | Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті төрағасының орынбасары |
| Жаналинов<br>Данияр Еренғалиұлы | – | Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары |
| Календеров<br>Нұржан Сәбитұлы | – | Жамбыл облысы әкімінің бірінші орынбасары |
| Сақтағанов<br>Нұрымбет Аманұлы | – | Шығыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары |
| Әбдікәрімов<br>Абзал Әлиұлы | – | Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары |
| Алпысов<br>Ермек Амантайұлы | – | Қарағанды облысы әкімінің орынбасары |
| Бисембиев<br>Жасұлан Орақұлы | – | Атырау облысы әкімінің орынбасары |
| Гариков<br>Димитрий Александрович | – | Абай облысы әкімінің орынбасары |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Дүзелбаев<br>Қанат Малғаждарұлы | – | Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары |
| Жамбайбек<br>Дәурен Каленұлы | – | Павлодар облысы әкімінің орынбасары |
| Жаркешов<br>Ернар Серікбайұлы | – | Ақмола облысы әкімінің орынбасары |
| Исатаев<br>Рустам Маратұлы | – | Алматы облысы әкімінің орынбасары |
| Қанағатов<br>Әсет Серікұлы | – | Жетісу облысы әкімінің орынбасары |
| Каюпов<br>Тілепберген Ерсайұлы | – | Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары |
| Көшеров<br>Нұралхан Оралбайұлы | – | Түркістан облысы әкімінің орынбасары |
| Мұсағазина<br>Гүлбарам Ғизатқызы | – | Қостанай облысы әкімінің орынбасары |
| Нөпіров<br>Жәнібек Мақсұтұлы | – | Ұлытау облысы әкімінің орынбасары |
| Өрісбаев<br>Аббат Жәңгірханұлы | – | Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары |
| Глотов<br>Евгений Сергеевич | – | Астана қаласы әкімінің орынбасары |
| Әбдіқадыров<br>Әлішер Елісұлы | – | Алматы қаласы әкімінің орынбасары |
| Кәрімов<br>Айдын Мейрамбекұлы | – | Шымкент қаласы әкімінің орынбасары |
| Сейдуманов<br>Әділ Манатұлы | – | Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының Өңірлік даму және бақылау бөлімінің өңірлік инспекторы |
| Жұмағазиев<br>Эльдар Тынышбайұлы | – | "AMANAT" партиясының хатшысы (келісу бойынша) |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Шыңғысбаева<br>Ләззат Алтынбекқызы | – | "Қазақстан халқына" қоғамдық қоры басқарма төрағасының орынбасары (келісу бойынша) |
| Құдайбергенов<br>Олжас Әбдімәлікұлы | – | CSI аға серіктесі (келісу бойынша) |
| Евниев<br>Арман Қайратұлы | – | "BIRGE" салалық кластерлерді дамыту қауымдастығының басқарма төрағасы (келісу бойынша) |
| Нығметов<br>Қайсар Қайыркенұлы | – | "Экономикалық зерттеулер институты" акционерлік қоғамы басқарма төрағасының орынбасары (келісу бойынша) |
| Сағатай<br>Дәулет Сейдахметұлы | – | "STEPPE development fund" жеке қорының жоба жетекшісі (келісу бойынша) |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК